

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2025 жылғы 18 ақпандағы № 10
бұйрығы. Қазақстан
Республикасының Әділет
министрлігінде 2025 жылы 20
ақпанда № 35741 болып тіркелді

Министерство здравоохранения Республики
Казахстан

«Қалалық және ауылдық елді мекендердегі, өнеркәсіптік ұйымдар аумақтарындағы атмосфералық ауаның гигиеналық нормативтерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 2 тамыздағы № ҚР ДСМ-70 бұйрығына өзгеріс және толықтыру енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Қалалық және ауылдық елді мекендердегі, өнеркәсіптік ұйымдар аумақтарындағы атмосфералық ауаға гигиеналық нормативтерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 2 тамыздағы № ҚР ДСМ-70 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29011 болып тіркелген) мынадай толықтыру мен өзгеріс енгізілсін:

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі» туралы Кодексінің 95-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**»;

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымшамен бекітілген Қалалық және ауылдық елді мекендердің атмосфералық ауасындағы ластаушы заттардың рұқсат етілетін шекті шоғырлануы осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес 3-кестемен толықтырылсын.



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі

А. Альназарова

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Экология және табиғи
ресурстар министрлігі

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2025 жылғы 18 ақпандағы
№ 10 Бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2022 жылғы 2 тамыздағы
№ ҚР ДСМ-70 бұйрығына
1-қосымша

3-кесте

Жинақталатын қасиеттері бар заттар

№ р /с	Заттың атауы
1	2
1	Аммиак, күкірт сутегі
2	Аммиак, күкірт сутегі, формальдегид
3	Аммиак, формальдегид
4	Азот диоксиді және оксид, мазут күлі, күкірт диоксиді
5	Азот диоксиді, гексан, көміртегі оксид, формальдегид
6	Азот диоксиді, гексен, күкірт диоксиді, күкірт диоксиді
7	Азот диоксиді, күкірт диоксиді
8	Азот диоксиді, күкірт диоксиді, көміртегі оксид, фенол
9	Акрил және метакрил қышқылдары
10	Акрил және метакрил қышқылдары, бутилакрилат, бутилметакрилат, метилакрилат, метиметакрилат
11	Ацетальдегид, винилацетат
12	Ацетон, акролеин, фтал ангидридi
13	Ацетон, фенол
14	Ацетон, ацетофенон
15	Ацетон, фурфурол, формальдегид пен фенол
16	Ацетон, трикрезол, фенол
17	Ацетофенон, фенол
18	Ванадий бестотығының және марганец тотығының аэрозольдері
19	Ванадий бестотығының аэрозольдері және күкірт ангидридi
20	Ванадий бестотығының және хром үш тотығы аэрозольдері
21	Бензол және ацетофенон
22	Валериан, капрон және май қышқылдары
23	Вольфрам және күкірт ангидридтері

24	Гексахлоран және фозалон
25	2,3-Дихлор-1,4-нафтахинон және 1,4-нафтахинон
26	1,2-Дихлорпропан, 1,2,3-Трихлорпропан мен тетрахлорэтилен
27	Изопропилбензол және изопропилбензол гидрототығы
28	Изобутилкарбинол және диметилвинилкарбинол
29	Метилгидропиран және метилтетрагидропиран
30	Моно, ди және трипропиламиндер
31	Мышьяк ангидридi және қорғасын ацетаты
32	Мышьяк ангидридi және германий
33	Озон, азот қостотығы және формальдегид
34	Пропион қышқылы және пропионды альдегид
35	Қорғасын оксидi, күкірт диоксидi
36	Күкіртсутек және динил
37	Күкіртсутек, формальдегид
38	Күкіртқышқылды мыс, кобальт, никель, күкірт диоксидi
39	Күкірт диоксидi, көміртегі оксидi, фенол және конвертер өндірісінің шаңы
40	Күкірт диоксидi, фенол
41	Күкірт диоксидi, фторлы сутегі
42	Күкірт диоксидi, күкірт қышқылы
43	Күкірт диоксидi, металды никель
44	Күкірт диоксидi, күкірт сутегі
45	Күкірт диоксидi және күкірттің үштотығы, аммиак және азот тотықтары
46	Күшті минералды қышқылдар (күкірт, тұз және азот)
47	Цемент өндірісінің шаңы және көміртегі оксидi
48	Сірке қышқылы және сірке ангидридi
49	Сірке қышқылы, фенол, этилацетат
50	Фурфурол, метил және этил спирттері
51	Циклогексан және бензол
52	Этилен пропилен, бутилен және амилен
Бірге болған кезде толық емес жиынтық әсері болады	
53	Натрий вольфрамы, аммоний парамолибдаты, қорғасын ацетаты (аралас әрекет коэффициенті (Аэк) 1,6 құрайды
54	Натрий вольфраматы, мышьякті ангидридi, аммоний парамолибдаты, қорғасын ацетаты (Аэк 2,0 тең)
55	Натрий вольфрамы, германий диоксидi, мышьякті ангидридi, аммоний парамолибдаты, қорғасын ацетаты (Аэк 2,5 тең)
Бірге болған кезде жекелеген заттардың шекті рұқсат етілген концентрациясы сақталады	
56	Гексил, октил спирттері
57	Күкірт диоксидi, мырыш оксидi
Потенцилану әсері бар	
58	Коэффициенті 0,8 болатын бутилакрилат және метилакрилат
59	Коэффициенті 0,8 болатын фторлы сутегі және фтор тұздары

Көп компонентті қоспалардың аралас әрекеті

Атмосфералық ауада әсер ету сомасы бар бірнеше заттар бірге болған кезде олардың шоғырлану сомасы формула бойынша есептеу кезінде 1 (бірліктен) аспауға тиіс:

$$\frac{C1}{ШРК1} + \frac{C2}{ШРК2} + \dots + \frac{Cn}{ШРКn} < 1$$

- 1) C1, C2, Cn - атмосфералық ауадағы заттардың нақты қанықпасы;
- 2) ҚРШ1, ҚРШ2, ҚРШn - сол заттар қанықпасының рұқсат етілген шегі.

Жинақтау әсермен 2, 3 және 4 компоненттік қосындылардың қабілеттері жоқ, азот диоксиді және/немесе күкіртсутегі енгізілсе және атмосфералық ауаны көп компоненттік ластауыш құрамына енгізілсе, егерде біреулерінің концентрациясының үлес салмағы, максималдық бір реттік ШРЕШ үлесімен көрсетілгенде, 2 компоненттік қосындыда 80% астам; 3 компоненттік қосындыда -70% астам; 4 компоненттік қосындыда - 60% астамды құрайды.